ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жыл 23 маусым №5265-23-00-2/1289 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.С.Кәрім, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «ССС» Альзаир Пернебек Ұланұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117, 223-226, 267-3, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «ССС» Альзаир Пернебек Ұланұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «ССС» Альзаир Пернебек Ұланұлынан мемлекет пайдасына 4 248 (төрт мың екі жүз қырық сегіз) теңге тұрақсыздық айыппұл және 128 (жүз жиырма сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 23.06.2023
Заңды күшіне енген күні: 31.07.2023, судья Сейтжанұлы С., 08.08.2023

Дара кәсіпкер «ССС» Альзаир Пернебек Ұланұлынан мемлекеттің пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін, 1 (бір) ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С.С.Кәрім**

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 23.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 31.07.2023, судья Сейтжанұлы С., 08.08.2023

5265-23-3-1/1411